

ИНДЕР АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ

Индербор кенті

№ 12/1

23.07.2026 жыл

«Атырау – Орал» республикалық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеу жұмыстарының орындалысы туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 2 қарашадағы № 383-V «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңына сәйкес, Индер аудандық қоғамдық кеңесінің мүшелері күн тәртібіндегі мәселені талқылай келе, **ҚАРАР ҚАБЫЛДАДЫ:**

«Атырау – Орал» республикалық маңызы бар автомобиль жолының орташа жөндеу жұмыстарының орындалысы туралы «ҚазАвтоЖол» АҚ-ы Атырау облыстық филиалының басшысы А.Қайреденовтың және Атырау облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Ә.С. Оразғалиевтің баяндамасы назарға алынсын.


«ҚазАвтоЖол» АҚ-ы Атырау облыстық филиалының басшысына:

- 1) Айналымалы жолдардың төсеу материалдарын қамтамасыз етіп және мерзімінде шаң-тозаңның болмауы үшін су себуді уақытында жүргізу тапсырылсын.
- 2) Техникалық суды округ әкімдерімен келісіп, су алудың мәселесін шешу ұсынамын.
- 3) Жолдың сапасы және айналымалы жолдардың уақытында төселуін бақылауға алуды ұсынамын.

Атырау облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасына:

- 1) «Атырау-Индер» тас жолындағы ауыр жүк көліктеріне тиым салған белгілерді алып тастауды ұсынамын.
- 2) Ауыр жүк көліктерінің салмағын өлшейтін Индер ауданындағы автоматтандырылған өлшеу станциясына (АӨС) фиксатор бейнебақылау камераларын орнатуды ұсынамын.
- 3) «Атырау-Индер» тас жолындағы бұзылған жолдарды уақытында жөндеуді ұсынамын.
- 4) Индер ауданындағы автоматтандырылған өлшеу станциясына (АӨС) тұсына бұрынғы жолақ сызықтың орнына тұтас сызықты сызуға ұсынамын.

Аудандық Қоғамдық
кеңестің төрағасы



Ж.Дауталиев